

**«Алау-2023»  
Өскемен қаласы әкімінің жастар арасындағы  
жүлдесіне арналған байқау ережесі**

1. «Алау-2023» Өскемен қаласы әкімінің жастар арасындағы жүлдесі (бұдан әрі – Жүлде) Өскемен қаласында тұратын 14 пен 35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына айрықша еңбектерін ынталандыру және бағалау мақсатында беріледі.

2. Жүлде салтанатты жағдайда табыс етіледі.

3. Жүлде 7 аталым бойынша беріледі:

- I. «Үздік оқушы»;
- II. «Үздік студенттік көшбасшы»;
- III. «Үздік жас ұстаз»;
- IV. «Үздік жас волонтер»;
- V. «Үздік жас өндіріс маманы»;
- VI. «Үздік жас спортшы»;
- VII. «Үздік жас қаһарман».

Бір үміткер екі және одан көп номинацияға ұсынылмайды.

4. Жүлдеден үміткер жастарды жергілікті мемлекеттік органдар, шығармашылық және кәсіп одақтар, жастардың қоғамдық бірлестіктері және басқа да ұйымдар немесе өзін-өзі ұсынады.

5. Жүлдеге қатысу үшін байқау құжаттарын: ұсыным, мінездеме, шығармашылық материалдары, үміткердің ерекше еңбегін растайтын құжаттар және тағы басқаларын қоса ұсына отырып, **oskemenalau.kz** сайты арқылы өтінім беру қажет.

6. Байқау құжаттарын қабылдау, іріктеу, талқылау және Жүлдеге ұсыну туралы шешімдер қабылдауды комиссия жүзеге асырады. Комиссия мүшелері байқауға жіберілмейді.

7. Байқау құжаттарын қарастыру кезінде комиссия мүшелері үміткерге қатысты қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

8. Жүлде беру туралы шешім комиссия құрамының 2/3 кем емес мүшелері қатысқан отырысында көпшілік дауыспен шешіледі.

9. Жүлдені Өскемен қаласының әкімі табыс етеді.

10. Жүлде үміткерге бір рет беріледі. Жүлде мөлшері әр номинация бойынша 100 000 (жүз мың) тенгені құрайды.

11. Қала әкімінің Жүлдесіне үміткерлерді іріктеудің критерилері:

**I. «Үздік оқушы»:**

- Жас мөлшері 14 пен 18 жас аралығы;
- Өскемен қаласы аумағында орналасқан білім беру мекемесінің оқушысы;
- Оқу мен ғылымда, спорт пен қоғамдық жұмыста үздік сонымен қатар Республикалық, Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері;
- Көшбасшылық сапаға, айрықша білім дағдысы мен шеберлікке ие болуы;

- Қала көлемінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда зор үлес қосып жүрген;

- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

### **II. «Үздік студенттік көшбасшы»:**

- Жас мөлшері 16 мен 25 жас аралығы;

- Өскемен қаласының аумағында орналасқан жоғары оқу орындары / техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бірінде күндізгі бөлімінде оқитын студенті;

- Көшбасшылық сапаға, айрықша білім, дағды мен шеберлікке ие болуы;

- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының, клубтарының басшысы немесе мүшесі;

- Қала көлемінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда зор үлес қосып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүрген;

- Оқу мен спортта үздік, республикалық, халықаралық олимпиадалардың жүлдегері;

- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

### **III. «Үздік жас ұстаз»:**

- Жас мөлшері 18 бен 35 жас аралығы;

- Өскемен қаласының аумағында орналасқан мектептерінде / техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде / жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын ұстазы;

- Оқу орнында еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;

- Мемлекеттік жастар саясаты аясында ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізіп жүрген;

- Өз қызметі саласында елеулі жетістіктерге жеткен немесе әлеуметтік-маңызы бар және қоғамдық қызметке айрықша үлес қосқан;

- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

### **IV. «Үздік жас волонтер»:**

- Жас мөлшері 16 мен 35 жас аралығы;

- Қала аумағында жұмыс атқаратын ҮЕҰ / бастамашыл топ / волонтерлік клуб басшысы немесе мүшесі;

- Волонтерлік қызметпен кемінде 3 жыл айналысып жүрген;

- Волонтердің ағымдағы жылы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысуын растайтын материалдар (фото) мен құжаттардың көшірмесі;



- Республикалық, облыстық және қалалық іс-шараларға белсенді қатысып, халықтың әлеуметтік осал топтарына әр түрлі көмек көрсетіп жүрген;
- Мемлекеттік жастар саясаты аясында ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізіп жүрген;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

#### **V. «Үздік жас өндіріс маманы»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Қала аумағында орналасқан өндірістік кәсіпорындардың бірінде қызмет атқарып жүрген маман;
- Алған мамандығы бойынша жұмыс жасау;
- Өндіріс саласында еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;
- Мемлекеттік жастар саясаты аясында ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізіп жүрген;
- Өз қызметі саласында елеулі жетістіктерге жеткен немесе әлеуметтік-маңызы бар және қоғамдық қызметке айрықша үлес қосқан;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

#### **VI. «Үздік жас спортшы»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Спорт саласында елеулі табыстарға қол жеткізген / әлеуметтік маңызы бар және қоғамдық қызметке, жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше үлес қосқан;
- Мемлекеттік жастар саясаты саласында, ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізген;
- Халықаралық, республикалық, облыстық сайыстарда жүлделі орындарға ие болған;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

#### **VII. «Үздік жас қаһарман»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Қала аумағында орналасқан төтенше жағдай бөлімшелерінде қызмет атқаратын маман;
- Төтенше жағдайлар мен қылмыстық іс-әрекеттер кезінде адам өмірін сақтауда ерлік көрсеткен бейбіт кезең батыры;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, жергілікті атқарушы органдар, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер

тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының көшірмесі болуы қажет.

### **11. Байқау құжаттарын рәсімдеу талаптары:**

Үміткердің құжаттары (*ұсыныс, мінездеме және жетістіктерін растайтын құжаттардың скан нұсқасы*) презентация форматында **MS Office PowerPoint** редакторымен ұсынылуы тиіс. Шрифтті Times New Roman, мәтін өлшемі – 14 болуы тиіс.

Негізгі (титулдық) бетте үміткердің толық аты, тегі, әкесінің аты (*бар болған жағдайда*), жұмыс орны, лауазымы (оқу орны, курсы, факультеті, мамандығы) көрсетілуі тиіс.

Қатысушылардың құжаттары **2023 жылғы 13 қарашасынан 3 желтоқсан күнгі 00:00 сағатқа дейін [oskemenalau.kz](http://oskemenalau.kz)** сайты арқылы қабылданады.

**Анықтама телефондары: 8(7232)25-01-70, +7(700)400-33-84** Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.